

Жылжымалы құрам қызметінің мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 26 ақпандағы № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 наурызда № 6845 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.06.2019 № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 2-тармағының 24) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жылжымалы құрам қызметінің мерзімін ұзарту қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.06.2019 № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Ә.Н.Барменқұлов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдасын.

3. Көлік және коммуникациялар министрінің және министрдің міндетін атқарушының мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Жолаушылар жылжымалы құрамының қызмет мерзімін ұзартуды реттейтін актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі № 136-І (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2292 тіркелген, Орталық және басқа да мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2003 жылы, № 25-26, 862-бабымен жарияланған);

2) "Жолаушылар жылжымалы құрамы қызметінің мерзімін ұзартуды реттейтін актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 136-І бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 353-І (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2630 тіркелген);

3) "Жолаушылар жылжымалы құрамының қызмет мерзімін ұзартуды реттейтін актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 136-І бұйрығына толықтырулар енгізу туралы"

2005 жылғы 9 тамыздағы N 264-I (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3787 тіркелген, 2005 жылдың 28 қазанында " Заң газеті" N 135-136 (760) жарияланған);

4) "Жүк және рефрижераторлық вагондарының қызмет мерзімін ұзарту ережесін және Тартқыш жылжымалы құрамның қызмет мерзімін ұзарту ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 28 шілдедегі № 236-1 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2463 тіркелген);

5) "Жүк және рефрижераторлық вагондардың қызмет ету мерзімін ұзарту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 2463 болып тіркелген N 236-I бұйрығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 14-I (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2766 тіркелген).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Құсайынов

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2011 жылғы 26 ақпандағы
№ 93 бұйрығымен
бекітілген

Жылжымалы құрам қызметінің мерзімін ұзарту қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.06.2019 № 394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жылжымалы құрам қызметінің мерзімін ұзарту қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 24) тармақшасына сәйкес әзірленді және жылжымалы құрам қызметінің мерзімін ұзарту тәртібін анықтайды.

2. Қағидалар 2017 жылғы 2 тамызға дейін айналымға шығарылған Қазақстан Республикасында меншігінде жылжымалы құрамы бар жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген талаптарға жауап беретін жылжымалы құрамын жөндеумен айналысатын ұйымдарға қолданылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) белгіленген қызмет ету мерзімі – пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы, оған жеткен кезде объектіні (бұйымды) пайдалану оның техникалық жай-күйіне қарамастан тоқтатылады;

2) вагонның деполық жөндеуі (бұдан әрі – ВДЖ) - құрамдас бөліктерінің шектелген номенклатурасын ауыстырып немесе қалпына келтіріп және құрамдас бөліктерінің техникалық жағдайын бақылап вагонның ақаусыздығын қалпына келтіру және вагонның ресурсын ішінара қалпына келтіру үшін орындалатын жөндеу;

3) диагностикалау ұйымы – заңнамада белгіленген тәртіппен жүк вагондарын техникалық диагностикалауды, зерттеп-қарауды және сынауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) вагонның меншік иесі – меншік құқығында жылжымалы теміржол құрамына иелік ететін жеке және заңды тұлға;

5) жөндеу – бұйымдардың түзу жағдайын немесе жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру жөніндегі техникалық операциялар кешені және ұйымдастыру іс-қимылдарын қалпына келтіру немесе объектінің жұмыс істеу қабілетін және бұйымдардың немесе олардың құрамдас бөлшектерінің ресурстарын қалпына келтіру;

6) жөндеуші ұйым – жылжымалы теміржол құрамын жөндеумен айналысатын ұйым (бұдан әрі – жөндеуші ұйым);

7) жылжымалы құрам – жолаушыларды, багажды, жүкті, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін теміржолдармен тасымалдауға арналған тартқыш көлік құралдары (локомотивтер), вагондар, өздігінен жүретін және өзге де көлік құралдары, сондай-ақ арнайы жылжымалы құрам;

8) көлемі 8 күшейтілген техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚКК-8) – тозған және зақымдалған агрегаттарды, тораптарды, бөлшектерді ауыстыру және күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ішінара ауыстыру жолымен тартқыш көлік құралдары (бұдан әрі - ТКК) пайдалану сипаттамаларын, ақаусыздығын және толық ресурсын (қызмет мерзімін) қалпына келтіру үшін орындалатын жөндеу, жөндеу аяқталған соң ТКК-ға жаңа қызмет мерзімі белгіленеді;

9) көлемі 8 күшейтілген техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚКК-8) – тозған және зақымдалған агрегаттарды, тораптарды, бөлшектерді ауыстыру және күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ішінара ауыстыру жолымен тартқыш көлік құралдары (бұдан әрі - ТКК) пайдалану сипаттамаларын, ақаусыздығын және толық ресурсын (қызмет мерзімін) қалпына келтіру үшін орындалатын жөндеу, осы жөндеу аяқталған соң ТКК-ға жаңа қызмет мерзімі белгіленеді;

10) күрделі жөндеу – вагон ресурсын, оның базалық бөлігін қоса алғанда, кез келген бөлігін ауыстыру немесе қалпына келтіру арқылы толық немесе толық немесе толыққа жуық қалпына келтіру, түзу жағдайын қалпына келтіру үшін жөндеу;

11) қалдық ресурс – объектінің (жылжымалы құрамның, оның тораптары мен агрегаттарының) техникалық жай-күйін бақылау сәтінен бастап шекті жай-күйге өткенге дейінгі жиынтық атқарылған жұмысы;

12) қызмет ету мерзімі – объектіні пайдалану немесе оны жөндеуден кейін қайта жалғастырудан бастап шекті жай-күйге өткенге дейін пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы;

13) қызмет мерзімін ұзарту - жылжымалы құрам қызметі жаңадан тағайындалған мерзімін белгілеу;

14) пайдалану - бұйымның сапасы іске асырылатын, қалпында ұсталатын және қалпына келтірілетін, бұйымның мақсаты бойынша пайдаланылуы жүзеге асырылатын тіршілік циклының сатысы;

15) пайдалы пайдалану мерзімін ұзартумен күрделі жөндеу (бұдан әрі - КЖҰ) – белгіленген ресурсын қалпына келтіре отырып, негізгі бөлшектерін қоса алғанда, оның кез келген құрамдас бөлшектерін ауыстыру немесе қалпына келтіру және жаңа қызмет ету мерзімін белгілей отырып, вагон құрылымының барлық негізгі элементтерінің техникалық жағдайын бақылау;

16) ресурс - пайдаланудың басынан немесе жөндеуден кейін пайдалануды жаңадан бастаудан шектелген жай-күйге келгенге дейін жылжымалы құрамның атқарылған жиынтық жұмысы;

17) шектелген жай-күйі - жылжымалы құрамды одан әрі пайдалануға жіберілмейтін немесе орынды емес кезде немесе оның жұмысқа қабілетті жай-күйін қалпына келтіру мүмкін емес немесе орынды емес кездегі жылжымалы құрамның жай-күйі;

18) күрделі-қалпына келтіре жөндеу – жолаушылар вагондардың шанақ және рамалардың белгіленген ресурсын қалпына келтіріп жөндеу, ішкі және сыртқы жабдықтарды жаңарту, барлық электр жабдықтарын ауыстыру, заманауи интерьерді құру және аталған түрдегі жөндеуді өткізу үшін техникалық құжаттарға сәйкес қызмет ету мерзімін ұзарту.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.02.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімін ұзарту тәртібі

1-параграф. Жүк вагондарының қызмет ету мерзімін ұзарту тәртібі

4. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.02.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жүк вагонының қызмет ету мерзімін ұзарту тәртібі екі кезеңнен тұрады:

1) техникалық диагностика жүргізу арқылы жүк вагонының қалдық ресурсын бағалау;

2) техникалық диагностикалау нәтижелері бойынша техникалық шешімге сәйкес белгіленген қызмет ету мерзімін ұзарта отырып жөндеу жүргізу.

Вагондарды техникалық диагностикалауды Достыққа қатысушы мемлекеттердің теміржол көлігі жөніндегі кеңесі бекіткен Халықаралық қатынаста жүретін жүк вагондарының қызмет ету мерзімін ұзарту туралы ережеге (2010 жылғы 13-14 мамырдағы № 52 хаттама) сәйкес, вагондардың қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында техникалық диагностикалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына куәлігі бар ұйым жүзеге асырады.

Диагностикалық ұйым жөндеу көлемін және жаңа белгіленген қызмет ету мерзімін анықтайды. Ұзартуды ескере отырып, вагондардың белгіленген жалпы қызмет ету мерзімі базалық вагонға дайындаушы зауыттың техникалық шарттарында (бұдан әрі - ТШ) көрсетілген біржарымдық белгіленген қызмет ету мерзімінен аспайды.

ТШ әзірлеушісі ҚЖҰ-ға негізделген материалдарды ұсынған кезде ұзартуды ескере отырып, жалпы қызмет ету мерзімін дайындаушы зауыттың ТШ-да базалық вагонға көрсетілген біржарымдық белгіленген қызмет ету мерзімінен асыруға, бірақ, егер бұл ҚЖҰ-ға ТШ-да көзделсе, екі еседен аспай, жол беріледі.

Дайындаушы зауыттың ТШ бойынша қызмет ету мерзімі 40 жылды құрайтын вагондар үшін қызмет ету мерзімі ҚЖҰ кезінде ұзартылады, бұл ретте ұзартуды ескере отырып, вагондардың жалпы қызмет ету мерзімі дайындаушы зауыттың ТШ-да базалық вагонға көрсетілген біржарымдық белгіленген қызмет ету мерзімінен аспайды.

Қызмет ету мерзімі өткен вагондарға ВДЖ және күрделі жөндеу олардың техникалық жағдайын жүк вагонның техникалық шешімі бойынша диагностикадан өткізген соң орындалады, бұл ретте ұзартылған қызмет ету мерзімі 5 жылдан аспайды, ұзартуды ескере отырып, вагондардың жалпы белгіленген қызмет ету мерзімі дайындаушы зауыттың базалық вагонға арналған жүк вагонның техникалық шарттарында көрсетілген қызмет ету мерзімінің біржарымдық мөлшерінен аспайды.

Қызмет ету мерзімі өткен вагондардың қызмет ету мерзімін ұзарта отырып, күрделі жөндеуді ТШ бойынша ҚЖҰ құқығы бар жөндеу ұйымдары жүк вагонына арналған техникалық шешім бойынша олардың техникалық жай-күйін диагностикалағаннан кейін орындайды, бұл ретте қызмет етудің ұзартылатын мерзімі осы тармақтың төртінші және бесінші бөліктеріне сәйкес мерзімдерден аспайды.

Вагонның меншік иесі диагностикалау ұйымына жүк вагонын техникалық диагностикалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін типін/моделін, техникалық паспорттардың көшірмелерін көрсете отырып, жүк вагондарының тізімін қоса бере отырып өтінім береді.

Техникалық диагностикалау нәтижелері бойынша қалдық ресурс және Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес Техникалық шешімді ресімдей отырып, жүк

вагонына жөндеу жүргізу мүмкіндігі не жүк вагонының қызмет ету мерзімін ұзарту мүмкін еместігіне байланысты техникалық шешімді беруден бас тарта отырып, тапсырыс берушіге қорытынды жіберу айқындалады.

Жүк вагонының техникалық шешім 3 данада жасалады, бірінші данасы вагонның меншік иесіне жіберіледі, екіншісі - диагностикалу ұйымында қалады, үшінші данасы жөндеу ұйымына беріледі.

Диагностикалау ұйымы техникалық диагностикалау туралы шарттың талаптарына сәйкес жүк вагонын техникалық диагностикалау қорытындылары бойынша дайындалған материалдарды (техникалық шешімдер, техникалық диагностикалау нәтижелері бойынша есептер, қорытындылар, жылжымалы құрам ресурсының есептік-эксперименттік негіздемелері) жүк вагонының ұзартылған қызмет ету мерзімі ішінде сақтауды қамтамасыз етеді.

Жүк вагонының техникалық шешімі бойынша тағайындалған жұмыстар жүк вагонына техникалық шешім берілген күннен бастап 6 ай ішінде орындалады.

Жүк вагондарының белгіленген қызмет ету мерзімін ұзарта отырып, жоспарлы жөндеуді техникалық шешімнің түпнұсқасы, техникалық диагностикалау нәтижелері бойынша есеп және қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттаманың талаптары негізінде жөндеу ұйымдары орындайды.

Жүк вагонын жоспарлы жөндеудің орындалған түрі техникалық шешімде айқындалған жөндеуді регламенттейтін нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес келеді.

Жүк вагонының техникалық шешімінде көрсетілген жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жөндеу ұйымы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүк вагонын жөндеу және жаңғырту жөніндегі (бұдан әрі - жүк вагонын жөндеу) жұмыстарды жүргізу туралы актіні 2 данада жасайды, бір данасы вагонның меншік иесіне жіберіледі, екіншісі жөндеу ұйымына беріледі.

Жөндеу ұйымы таңбалауға жататын жүк вагондарының құрамдас бөліктеріне таңбаның шартты нөмірі жазылады.

Жөндеу ұйымы жөндеу аяқталғаннан кейін жүк вагонының техникалық паспортына тиісті жазбалар енгізеді. Вагонның техникалық параметрлері (моделі, ыдысы, жүк көтергіштігі) өзгерген кезде жаңа техникалық паспорт ресімделеді.

Белгіленген қызмет мерзімін ұзарта отырып, жөндеу жүргізу туралы ақпаратты жөндеу ұйымдары жөндеу аяқталғаннан кейін мемлекетаралық және ұлттық деңгейдегі ақпараттық жүйелерге енгізеді.

Жөндеу ұйымдары техникалық шешімде диагностикалау ұйымы айқындаған жөндеуді орындаудың толықтығы мен сапасын, техникалық диагностикалау кезінде анықталған ақауларды жоюды, техникалық паспорттар мен ақпараттық жүйелерге жүк вагонының белгіленген қызмет ету мерзімін ұзарта отырып, жөндеу нәтижелері бойынша енгізілетін ақпараттың уақтылығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Жөндеу ұйымдары жөндеу қорытындылары бойынша ресімделетін құжаттаманың (техникалық шешімдердің түпнұсқасы, орындалған жұмыстар актілері және өзге де есептік құжаттама) жүк вагонының ұзартылған белгіленген қызмет ету мерзімі ішінде сақталуын қамтамасыз етеді.

Жөндеу ұйымы жүк вагонын жөндеу актісін және вагондардың қызмет ету мерзімін ұзарту және вагондарды жөндеуден шығару туралы ақпаратты теміржол көлігі Орталық кеңесінің келісімдеріне қатысушылардың теміржол әкімшіліктерінің Ақпараттық - есептеу орталығына (бұдан әрі – ЖА АЕО) жібереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.02.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жүк вагондарының қызмет ету мерзімін ұзарту туралы ақпарат төрт белгіден тұратын құрылымы бойынша ТЖӘ АЕО-ға беріледі:

- 1) бірінші белгі – "8" цифры - вагонның қызмет ету мерзімі ұзартылғанын;
- 2) екінші белгі – "0" цифры - теміржол әкімшілігімен келісілген құжаттама (ТШ) бойынша вагонға күрделі жөндеу жүргізілгенін;
- 3) "1" цифры - жүк вагондарының қызмет ету мерзімін ұзарту құқығы бар ұйымға берілген осы жұмысқа арналған Жүк вагонның техникалық шешіміне сәйкес вагонға ВДЖ немесе күрделі жөндеу жүргізілгенін;
- 4) үшінші және төртінші белгілер - вагонның қызмет ету мерзімі ұзартылған жылдар санын көрсетеді.

2-параграф. Жолаушылар вагондарының қызмет ету мерзімін ұзарту тәртібі

7. Қызметтік пайдалануға арналған жолаушылар вагонының нақты қызмет ету мерзімі мен теміржол инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсету дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес айқындалады.

8. Жолаушылар вагонын пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүйесіне сәйкес вагон жөндеу ұйымдары ВДЖ, күрделі жөндеу және күрделі-қалпына келтіре отырып, жөндеу жүргізуді көздейді.

9. Жолаушылар вагонының қызмет ету мерзімін ұзарту бойынша жұмыстарды жүргізу үшін вагон иесі жөндеуші ұйымға өтінім (еркін нысанда) береді.

Жөндеуші ұйым өтінімді он жұмыс күні ішінде қарайды. Жолаушылар вагонының мерзімін ұзартумен жөндеу жүргізуден бас тартқан жағдайда өтінім берушіге үш жұмыс күні ішінде дәлелді жауап береді.

Жолаушылар вагоны үшін қызмет ету мерзімін ұзарту туралы шешім нақты қызмет мерзіміне қарай қабылданады, бұл ретте қызмет ету мерзімі:

- 5 жылға дейін ұзартуды ескергенде, күрделі жөндеу кезінде 33 жылдан аспайды;
- 16 жылға дейін ұзартуды ескергенде, күрделі-қалпына келтіріп жөндеу кезінде 44 жылдан аспайды.

10. Жолаушылар вагондары қызмет ету мерзімін ұзартумен жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жөндеу ұйымдары нақты істен шыққан қызмет ету мерзімін қарайды және жөндеу жұмыстарының көлемін тағайындайды.

Жолаушылар вагонын қарап тексеру нәтижелері бойынша жөндеу ұйымы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жолаушылар вагонының қызмет ету мерзімін ұзарту жөніндегі жұмыстардың жүргізілгені туралы актіні (бұдан әрі – Қызмет ету мерзімін ұзарту жөніндегі акті) қызмет ету мерзімін ұзарту жөніндегі актінің 2-тармағын толтыра отырып ресімдейді.

Қызмет ету мерзімін ұзарту жөніндегі акті екі данада жасалады. Бір данасы вагонның иесіне одан әрі пайдалану негізі ретінде беріледі, ал екінші данасы жөндеу ұйымында сақталады.

Қызметтік пайдалану үшін арналған жолаушылар вагондары және темір жол инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет ету мерзімін ұзарту туралы шешім нақты қызмет ету мерзіміне қарамастан қабылданады және 16 жыл мерзіміне жасалады.

11. Жөндеу ұйымы жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Жолаушылар вагондарының техникалық жай-күйін тексеру жүргізу әдістемесін басшылыққа алады.

12. Жөндеу ұйымы жолаушылар вагонының қапталдық қабырғасына жөндеу түрлерін жүргізу күні мен қызмет мерзімінің ұзартылуы көрсетілген арнайы трафарет басады.

3-параграф. Тартқыш көлік құралдарының қызмет ету мерзімін ұзарту тәртібі

13. ТКҚ-ң қызметінің белгіленген мерзімі ТКҚ дайындаушының нормативтік құжаттарымен айқындалады.

14. Белгіленген қызмет ету мерзімін ұзарту жөніндегі жұмыстарды жүргізудің мақсаттылығы туралы шешімді ТКҚ иесі қабылдайды, ол жөндеу ұйымына негізгі бөліктерінің тозу дәрежесін, тораптарындағы және агрегаттарындағы бар зақымданулар мен қызмет ету мерзімі өтіп кеткен ТКҚ-ның техникалық жай-күйін зерттеу негізінде жазбаша түрде еркін нысанда өтініш жасайды.

15. Күрделі жөндеуді (бұдан әрі - КЖ), ТКҚ-ға ТҚКК-8, ТҚК-8, жаңғыртуды, жол машиналарымен және механизмдерімен жұмыс істеу үшін қайта жабдықтауды, сондай-ақ қызмет ету мерзімін ұзартып қайта жабдықтауды орындау үшін ТКҚ иесі мен жөндеуші ұйым арасында ТКҚ-ға КЖ, ТҚКК-8, ТҚК-8 жүргізуге жасалатын шарт негіз болып табылады.

16. Жаңа қызмет ету мерзімі КЖ орындалғаннан кейін де, ТҚК-8, ТҚ-8, жаңғыртудан, жол машиналарымен және механизмдерімен жұмыс істеу үшін қайта жабдықтаудан, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдауға қатыспайтын жылжымалы құрамды қайта жабдықтаудан кейін де белгіленеді.

Жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін КЖ, ТҚКК-8, ТҚК-8 немесе жаңғыртудан өткен тартқыш көлік құралдарына белгіленген жаңа қызмет мерзімінің нормативтеріне сәйкес осы Қағидалардың 5-қосымшасында көрсетілген ТҚК жаңа белгіленген қызмет ету мерзімі қабылданады.

17. Жөндеуші ұйымы мынадай актілер жасайды:

1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тартқыш көлік құралдарын қабылдау актісін, жөндеуші ұйым ТҚК иесімен бірлесіп екі данада толтырады;

2) осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тартқыш көлік құралдарының жаңа қызмет ету мерзімін белгілеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы актіні, жөндеуші ұйым екі данада толтырады.

18. Жөндеуші ұйым тартқыш көлік құралдарын қабылдау актісі мен ТҚК-ның жаңа қызмет ету мерзімін белгілеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы актісінің бір-бір данасын ТҚК иесіне береді, екінші даналарын өзіне қалдырады.

19. Жөндеу түрлері жүргізілгенге және жаңа белгіленген қызмет ету мерзімі белгіленгенге дейін қызмет ету мерзімі өткен ТҚК-ны пайдалануға рұқсат етілмейді.

20. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң жөндеуші ұйым ТҚК сериясына "Р" әрпі түріндегі, ал жаңғыртылған ТҚК сериясына "К" әрпі түріндегі әріптік белгіні береді.

4-параграф. Арнайы жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімін ұзарту тәртібі

21. Арнайы жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімін ұзарту кезінде (бұдан әрі – АЖҚ):

техникалық диагностикалау әдісімен техникалық жағдайын тексеруді;

қызмет мерзімін ұзартып жөндеу жүргізуді (бұдан әрі - Ұзарту);

жөнделген АЖҚ-ны қабылдау-тапсыру сынақтарын;

жаңа қызмет ету мерзімін белгілеуді тұрады.

22. Қызмет ету мерзімін ұзарту бойынша жұмыстарды қызмет ету мерзімін ұзарта отырып, АЖҚ жөндеуді жүзеге асыратын технологиялық құрал-жабдықтары мен білікті мамандары бар заңды тұлғалар жүргізеді.

23. АЖҚ-ның техникалық жағдайын тексеру:

1) техникалық жағдайын тексеру АЖҚ-ға бұзбай бақылау мен оның техникалық жағдайын, жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін оны әрі қарай пайдалану мүмкіндігі мен жағдайын анықтау үшін АЖҚ конструкцияларының көтеру қабілетін бақылау жұмыстарын жүргізіп АЖҚ-ны техникалық диагностикалау арқылы жүргізіледі.

2) қалдық ресурсын анықтау, деполық жөндеу, күрделі жөндеу және жаңа қызмет ету мерзімін белгілей отырып, АЖҚ қызмет ету мерзімін ұзартып күрделі жөндеу жүргізуді ұзарту мүмкіндігі не тапсырыс берушіге АЖҚ-ның қызмет ету мерзімін ұзарту мүмкін емес екендігі туралы қорытынды жіберу;

Қызмет ету мерзімін ұзарту АЖҚ-ның техникалық жағдайын талдау негізінде қабылданады.

3) қызмет ету мерзімі аяқталған АЖҚ техникалық жағдайын тексеру - негізгі бөлшектерінің тозуын, тораптар мен агрегаттардағы бар ақауларды және бұзушылықтарды анықтау үшін жүргізіледі.

4) АЖҚ жағдайы АЖҚ габариттік кескінінің бұзылуымен қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін бұзылушылықтардың болуымен сипатталады.

5) АЖҚ тексеру кезінде:

бұзылушылықтарды анықтау үшін куәландыру:

раманың;

шанақтың;

авто тіркеуіш жабдықтың;

жүріс бөлігінің;

доңғалақ жұптарының;

коррозиялық тозуды анықтау үшін рама мен шанақтың негізгі жетекші элементтерінің қалыңдығын өлшеу;

АЖҚ конструкциясы элементтерінің дәнекерлеу жіктерін бақылау.

24. АЖҚ-ны тексеру нәтижелерін өңдеу қызмет ету мерзімін ұзартумен жөндеу түрін анықтау үшін жүргізіледі.

25. Техникалық жағдайын тексеру нәтижелері екі данада жасалған осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес АЖҚ-ның қызмет ету мерзімін ұзарту туралы техникалық шешімде (бұдан әрі – АЖҚ-ның техникалық шешімі) көрсетіледі. АЖҚ-ң техникалық шешімнің бір данасы АЖҚ техникалық диагностикалау жұмыстарын орындаған заңды тұлғаға сақтауға қалдырылып, ал бір данасы жөндеуші ұйымға беріледі.

26. АЖҚ ұзарту жасағаннан кейін жаңа белгіленген қызмет ету мерзімі анықталады.

27. АЖҚ қызмет ету мерзімін ұзартып жөндеу жұмыстары жөндеу түрлері – деполық, күрделі және АЖҚ қызмет ету мерзімін ұзартып күрделі жөндеу жұмыстары көрсетілген АЖҚ-ның техникалық шешімнің тұпнұсқасына негізделіп жөндеуші ұйымдармен жүргізіледі.

АЖҚ қызмет ету мерзімін ұзарту жөндеу жүргізгеннен кейін жүргізіледі.

АЖҚ орындалған жұмыс түрі АЖҚ-ның техникалық шешімде белгіленген нормативтік-техникалық құжаттамаға, сондай-ақ АЖҚ ауыспалы тораптар мен бөлшектеріне жөндеу жұмыстарын регламенттейтін нормативтік техникалық құжаттамаларына сәйкес келеді;

АЖҚ-ның техникалық шешімдерінде көрсетілген жөндеу жұмыстарының түрлері мен көлемін орындағаннан кейін жөндеуші ұйым осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес екі данада арнайы жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімін ұзарту бойынша жұмыс жүргізу туралы акті жасайды, актінің бір данасы жөндеуші ұйымда сақтауға қалдырылады, екінші данасы АЖҚ иесіне беріледі;

Жөндеуші ұйым жөнделген АЖҚ шанағының бойлық екі жағынан диагональ бойынша ақ бояумен орындалған жөндеудің түрінжөндеу жүргізу күні мен қызмет ету мерзімі аяқталатын күні көрсетілген жазба жазылады, мысалы, "ДР ДД.ММ.ГТТТ - ДР ДД.ММ.ГТТТ". Шанақтағы әріптердің жазылуының биіктігі 200 миллиметрден кем, ал жақтаудағы 100 миллиметрден кем болмауы тиіс. АЖҚ-ның жөндеуші ұйымының таңбалауына жататын құрамдас бөліктеріне шартты нөмір жазылады;

Жөндеуші ұйым жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін АЖҚ техникалық паспортына тиісті жазбалар жазылады;

Жылжымалы құрамның
қызмет мерзімін ұзарту
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Келісілген:

Жүк вагонының

меншік иесі

МО

20__ жылғы " __ " _____

Бекітемін:

Диагностикалық

ұйымның басшысы

МО

20__ жылғы " __ " _____

Жүк вагондарының қызмет ету мерзімін ұзарту туралы

№ _ техникалық шешім

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.02.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

тиесілі _____

(вагон иесінің толық атауы) және станцияға тіркелген

(станцияны, вагон депосын, темір жолды көрсету)

(мамандандырылған орындаушы ұйымның толық атауы)

Техникалық жай-күйін тексеру, техникалық диагностикалау және жүргізілген сынақтардың нәтижелері негізінде қажетті жөндеу жұмыстарының түрі мен көлемін тағайындайды және оларды орындағаннан кейін мынадай вагондардың қызмет ету мерзімін ұзартады (бірл.)

| р/с | Вагонның | Вагонның | Ұсынылатын | Жобалардың нөмірі, | Қызмет ету мерзімі (ай, жылға) | Тасымалданатын |
|-----|----------|----------|------------|--------------------|--------------------------------|----------------|
| | | | | | | |

| № | № | моделі | Жасалған күні | жөндеудің түрі мен көлемі | Т Ш , басшылық тар | дейін ұзартылды | жүктің түрі | Жөндеу жүргізілген күн |
|---|---|--------|---------------|---------------------------|--------------------|-----------------|-------------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Вагондардың ауысымдық тораптары: арбалар, автотіркегіш және автотежегіш жабдықтар үнемі тексеріледі және қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен оларды ауыстыру жүргізіледі, ауысымдық тораптардың қызмет ету мерзімі осы техникалық шешім бойынша ұзартылуға жатпайды.

Техникалық шешім тағайындалған жөндеу орындалған және вагондардың жөндеуден шығуы туралы ақпаратты АЕО-ға берген сәттен бастап күшіне енеді.

Жауапты орындаушы диагностикалау ұйымы _____
(қолы, мөртабан)

Жылжымалы құрамның
қызмет мерзімін ұзарту
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Жүк вагонын жөндеу және жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы
№ _ акт**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.02.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

тиесілі _____

(вагон иесінің толық атауы) Осы Акт мыналарда жасалған:

(жұмысты орындаған кәсіпорынның атауы)

техникалық шешімге сәйкес № 20 " " келесі жұмыстар жүргізілді:

| Р /с | Вагон нөмірі | Орындалған жұмыстар | Ескертпе |
|------|--------------|---------------------|----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Вагондар техникалық түзу күйде және темір жолдардың жалпы желісінің жолдары бойынша пайдалануға беріледі

Вагонның меншік иесі

мөр орны (бар болған жағдайда)

20 ____ жыл " ____ "

Жөндеу ұйымының басшысы

мөр орны (бар болған жағдайда)

20 ____ жыл " __ " _____

Жылжымалы құрам
қызметінің мерзімін ұзарту
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Жолаушылар вагондарының қызмет мерзімін ұзарту бойынша жұмыстар жүргізу туралы № _____ акті

1. Осы акті жолаушылардың жылжымалы құрамының қызмет мерзімін ұзарту бойынша жөндеу түрлерін жүргізуге вагонның меншік иесімен құрылды вагонның № _____, түрі _____, арбашықтарда _____ жасалған, _____ тежегіш түрі _____, соңғы жөндеу: жөндеу түрі _____ күні _____ тіркелген _____, және қызмет мерзімін ұзарту бойынша жұмыстарды жүргізу үшін ұсынады.

Вагонның меншік иесі _____
20 ____ жылғы " ____ " _____ мөр орны (бар болған жағдайда)

(қолы)

Жөндеу ұйымының қабылдаушысы _____
20 ____ жылғы " ____ " _____ мөр орны (бар болған жағдайда)

(қолы)

2. _____ жөндеу жүргізгеннен
(жөндеу түрі)

кейін техникалық жай-күйі негізінде вагон жөндеу ұйымы _____
№ вагонға жаңа белгіленген қызмет ету мерзімін _____
дейін белгілейді. (күні)

Жөндеу ұйымының бастығы _____ / _____
(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ескерту: Акт 2 данада жасалады.

Жылжымалы құрам
қызметінің мерзімін ұзарту
қағидаларына
4-қосымша

Жолаушылар вагондарының техникалық жай-күйін тексеруді жүргізу әдістемесі

1. Қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында жолаушылар жылжымалы құрамының техникалық жай-күйін тексеруге жолаушылар вагондары үлгісіндегі барлық вагондар ұсынылады, оның ішінде: почта, багаж, почта-багаж, арнайы құрам үшін вагондар, қызметтік тежегіш өлшеу, дәрігерлік-санитарлық, вагон-клубтар, динамометрикалық, рельсті егеу, ақауапқыштар, жол өлшегіш, турлық вагондар, қалпына келтіру және өрт сөндіру поездары, жол тексеру мен көпір тексеру, жол қызметінің зертханасы, вагон-дүкендер.

2. Жолаушылар вагонының техникалық жай-күйін тексеру құрамға тән бүлінулерді, пайдалануда көтергіш бөлшектер мен буындардың тоттану дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі, олар бұдан арғы пайдалану мүмкіндігін, жөндеу немесе есептен шығару қажеттілігі мен дәрежесін анықтау үшін бұдан әрі бастапқы дерек ретінде пайдаланады.

3. Қызмет ету мерзімін ұзарту мүмкіндігі туралы шешім жолаушылар вагонының негізгі көтергіш элементтердің жай-күйін талдау негізінде қабылданады: белдеулі арқалық пен раманың, аралық пен шүберін арқалығын бүйірден орап байлау, қаңқа элементтері және шанақты қаптау.

4. Жолаушылар вагонының негізгі буындары мен жүйелерінің жай-күйі (электр жабдығы, желдеткіш, жылыту, сумен жабдықтау, автотежегіштік пен автотіркегіш жабдықтары, қозғалыс бөлшектері) қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес болуы тиіс.

5. Жолаушылар вагонының ақаулықтары пайдалану, ВДЖ және күрделі жөндеу жөніндегі басшылықтарға сәйкес белгіленген тәртіппен жойылады.

6. Тексеріс жүргізу кезінде істен шығу немесе шекті жай-күйінің өлшемшарттары ретінде жолаушылар вагонының көтергіш элементтерінің, онда олардың жолаушылар поездарының құрамында болуы мен жол жүруіне тыйым салынатын сондай техникалық жай күйі қабылданады.

7. Жолаушылар вагонының жұмысқа жарамсыз жай-күйі қозғалыс қауіпсіздігіне қауіпті, жолаушылар мен қызмет көрсететін персоналдың денсаулығына қауіп төндіретін, тасымалданатын багаж бен жүк-багаждың сақталуын қамтамасыз етпейтін, жолаушылар вагонының габариттік кескінін бұзатын ақаулықтардың болуымен сипатталады.

8. Жолаушылар вагонының негізгі көтергіш элементтерінің техникалық жай-күйін тексеру кезінде анықталуға жататын бүліну немесе істен шығу түрлері осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген:

9. Бір ғана жөндеулік жапсырмасы бар белдеулік арқалық және арбашықтардың арқалық рамасы жолаушылар вагонының бірліктері қызмет ету мерзімін ұзартуға жіберілмейді.

10. Сызаттар, сынулар, иілімдер, майысулар, саңылаулар кейіннен көзбен шолып өлшеу арқылы анықталады. Бекітуді босату балғамен соғу, тоттану элементтердің қалыңдығын өлшеу жолымен айқындалады.

11. Жолаушылар вагонының көтергіш конструкцияларының тоттану арқылы тозуының көлемі мыналарды ескере отырып анықталады:

1) Жолаушылар вагонының металл конструкциясына қоршаған ортаның тигізген әсері нәтижесінде қорғаныс қабының бүлінуіне, тоттану салдарынан көтергіш элементтердің қалыңдығы азаюына әкеп соғады, бұл өз кезегінде олардың беріктігін нашарлатады;

2) толассыз тоттану жерлерінде жылуды оқшаулау материалдарының беріктігі бұзылады, артық жылуды жоғалтуға әкелетін "жылу көпірлері" пайда болады;

3) Жолаушылар вагонының шанақтың көтергіш қабілетіне тікелей әсер ететін конструкциялар элементтері топтануға неғұрлым ұшыраған болып табылады: раманың бүйірлік ұзынынан арқалығы; дәретхана маңында, қызметтік пен қазандық бөлмелері мен тамбурлардағы еден төсемі; бүйірлік қабырғаның терезе алды белдемшесі;

4) көрсетілген элементтерден басқа жолаушылар вагонының техникалық тексерісі кезінде сөрелер мен қабырғаларының қалыңдығын бақылау жүргізіледі;

5) өлшеу орындарында жолаушылар вагонының шанағы ультрадыбыстық қалыңдық өлшегіштерді пайдалану мүмкіндігі үшін металдың жылтырауына дейін тазаланады;

6) Жолаушылар вагонының қызмет ету мерзімін ұзарту мүмкіндігін анықтау үшін тоттанудың нақты жылдамдығын айқындау қажет:

$S_{ном} - S_{ф}$

$V_{кор} = \text{-----},$

$T, \text{ мм/жыл}$

мұнда: $S_{ном}$ - элементтің номиналдық қалыңдығы, мм. тоттанумен зақымдалмаған орындарда элементтерді өлшеу нәтижелері бойынша не альбомдық өлшемдер бойынша айқындалады, бұл ретте альбомдық мөлшерлер плюстік рұқсат бере отырып, беріктік қорына алынады;

$S_{ф}$ - өлшеу нәтижелері бойынша жолаушылар вагондар конструкциясы элементтерінің нақты қалыңдығы, мм;

T - өлшеулер жүргізу кезінде жолаушылар вагондардың қызмет ету мерзімі, жыл.

7) қалған қызмет ету мерзімі мына формула бойынша айқындалады:

$S_{ф} - S_{min}$

$T = \text{-----}$

$V_{кор}$

мұнда: S_{min} - беріктілік пен орнықтылық жағдайлары бойынша элементтің ең аз рұқсат етілген қалыңдығы осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес қабылданады.

8) жолаушылар вагон құрылымының тексерілетін элементтерінің атаулы мөлшерлері туралы анық деректер болмаған кезде қалған қызмет ету мерзімін айқындайды осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес басшылыққа алу қажет.

12. Тексеріліп отырған элементтер ластанған кезде болжамды ақаулықтар орындары қырнауыштың немесе қырғыштың көмегімен тазартылады.

13. Жолаушылар вагонын өлшеу кезінде мынадай құралдар пайдаланылады: металдан жасалған өлшеу сызғышы; металдан жасалған өлшеу рулеткасы; ультрадыбыстық қалыңдық өлшеуіш.

14. Жолаушылар вагонының электр сымдарының жай-күйін бағалау үшін өлшем өрістері 4 МОм-нан кем емес мегометр немесе цифрлық мультиметр көмегімен вагон ішіндегі және вагон астындағы электр тізбегінің оқшаулау кедергісі бақыланады.

15. Жолаушылар вагонының оқшаулау кедергісі кемінде 2 МОм-ден болуы тиіс, ол генератор жұмыс істемейтін және аккумуляторлық батарея ажыратылған кезде өлшенеді.

16. Тексеруге жататын жолаушылар вагоны тыйым салынатын сигналдармен қоршалады, ал тексеріп-қарау бойынша жұмыстарды кем дегенде екі қызметкер жүргізеді, оның біреуі іргелес аумақ пен теміржолдарды жеткілікті деңгейде қарап тексеруді қамтамасыз ететін және елеулі қауіпті уақтылы айқындауға және қалған қызметкерлерді ескертуге мүмкіндік беретін аймақта болады.

Жолаушылар вагондарының
техникалық жай-күйін тексеруді
жүргізу әдістемесіне
1-қосымша

| Атауы | Торап атауы | Шектелген жай-күйінің немесе орындалмаудың сипаттамасы |
|---------------------|---|---|
| 1. Шанақ рамасы | 1. Белдеулік арқалық | Сызаттануға жол берілмейді Иілімі > 25 мм Тоттануы > 15% |
| | 2. Шүберінді арқалық | Сызаттануға жол берілмейді Иілімі > 15 мм Тоттануы > 15% |
| | 3. Белдеулік және шүберінді арқалықты бөлшектеу буыны | Сызаттануға жол берілмейді Иілімі > 200 мм Тоттануы > 30% |
| | 4. Соңғы арқалық | Иілімі > 100 мм |
| | 5. Бүйірдегі арқалық | Тоттануы > 30% Иілімі > 25 мм |
| | 6. Аралық арқалық | Иілімі > 100 мм Тоттануы > 30% Иілімі > 15 мм |
| 2. Бүйірлік қабырға | 1. Қаңқа элементі | Қаптама бетіне шығатын, сызаттама Сызаттану > 30% |
| | | |

| | | |
|--|---------------------------------|---|
| | 2. Қаптама | Сызаттану > 30% |
| 3. Қақпақ | 1. Қаңқа элементі | Қаптама бетіне шығатын, сызаттама Сызаттану > 30% |
| | 2. Қаптама | Сызаттану > 30% |
| 4. Арбашық (жолаушылар арбашығы түріне ғана) | 1. Серіппегіш үстіндегі арқалық | сызаттану > 100 мм тоттану > 30% иілімі > 10 мм |
| | 2. Арқалық рамасы | Сызаттануға жол берілмейді Тоттану > 30% Иілімі > 10 мм |

Жолаушылар вагондарының
техникалық жай-күйін тексеруді
жүргізу әдістемесіне
2-қосымша

| № п/п | Конструкция элементі | | Элементтің қалыңдығы (мм) | |
|-------|---|----------------------------|---------------------------|-----------------------|
| | | | Номиналды | Ең аз рұқсат етілгені |
| 1 | Белдеулік арқалық, Консольдік бөлігі | Тік қабырға | 9,5 +0,4 -0,9 | 7,0 |
| | | Сөрелер | 13,5 -0,8 | 10,0 |
| 2 | Белдеулік арқалық | Тік қабырға | +0,3 6,5 -0,7 | 4,5 |
| | | Сөрелер | 11 -0,7 | 8,0 |
| 3 | Раманың бүйірлік орамасы | Тік қабырға | +0,5 6,5 -1,0 | 4,5 |
| | | Сөрелер | -0,5 6,5 -1,0 | 4,5 |
| 4 | Шүберін | Жоғарғы және төменгі парақ | +0,3 10 -0,5 | 7,5 |
| | | Сөрелер | 0,3 10 -0,5 | 7,5 |
| 5 | Аралық арқалық | Тік қабырға | +0,4 9,5 -0,9 | 7,0 |
| | | Сөрелер | 13,5 -0,8 | 10,5 |
| 6 | Еден беттері | | 2+/-0,1 | 1,5 |
| 7 | Бүйір қабырғаның төменгі белдеуінің беттері | | 2,5+/-0,1 | 2,0 |

Жолаушылар вагондарының
техникалық жай-күйін тексеруді
жүргізу әдістемесіне
3-қосымша

| Конструкция элементтері | Тоттану жылдамдығы мм/жыл |
|---|---------------------------|
| Бүйір қабырғаның едені және терезе астындағы белдеу | |
| - вагон ортасы (шүберінді арқалықтар аралығы) | 0,1 |
| - консоль | 0,2 |
| - дәретхана аймағы | 0,3 |
| Вагонның жанындағы ұзына арқылы рамасы | |
| - вагон орталығы | 0,15 |
| - консолі | 0,25 |
| - дәретхана өңірі | 0,3 |
| Белдеулік арқалық | 0,1 |
| Қаптал қабырғалар және аралық арқалық | 0,15 |
| Арба рамасының бойлық және көлденең арқалықтары | 0,1 |
| Серіппегіш үстіндегі арқалық | 0,1 |

Жылжымалы құрамның
қызметінің мерзімін
ұзарту қағидаларына қағ
5-қосымша
Нысан

КЖ, ТҚК-8, ТҚ-8 немесе жаңғыртудан өткен ТҚК белгіленген жаңа қызмет ету мерзімінің нормативтері

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.02.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № | ТҚК үлгісі мен сериясы | КЖ, ТҚ көрсетуден немесе жаңғыртудан өткен сәттен басталатын жаңа белгіленген қызмет ету мерзімі | Жөндеу немесе жаңғырту көлемі |
|------------------------------|---|--|---|
| 1. Магистральдық тепловоздар | | | |
| 1. | Барлық түрлендірудегі ТЭ10, ТЭ116 | 15 | рельсмайлағыш етіп қайта жабдықтау |
| | Барлық түрлендірудегі, сондай-ақ жол машиналарымен және | 15 | КЖ орындап, күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ауыстырып, дизель-генераторлық қондырғы мен қосымша жабдықтарды жаңасымен ауыстырып жаңғырту |

| | | | |
|--------------------------|---|----|---|
| 2. | қар тазалағыштармен жұмыс істеу үшін рельсмайлағыш етіп қайта жабдыкталған ТЭП70, ТЭ10, ТЭ116 | 7 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ауыстырып КЖ |
| | | 6 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ішінара ауыстырып ТҚК-8 |
| | | 3 | ТҚ-8 |
| 2. Маневрлік тепловоздар | | | |
| 1. | Барлық түрлендірудегі ЧМЭ, ТЭМ, ТГМ | 15 | КЖ орындап, күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ауыстырып, дизель-генераторлық қондырғы мен қосымша жабдықтарды жаңасымен ауыстырып жаңғырту |
| | | 10 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ауыстырып КЖ |
| | | 7 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ішінара ауыстырып ТҚК-8 |
| | | 3 | ТҚ-8 |
| 3. Электровоздар | | | |
| 1. | Барлық түрлендірудегі ВЛ, ОПЭ-1, КЗ4, ЕЛ-21 | 20 | КЖ орындап, негізгі тораптарды, электр жабдықтарды және аппараттарды ауыстырып, электр схемасын және басқару жүйесін жаңғыртып жаңғырту |
| | | 15 | рельсмайлағыш етіп қайта жабдықтау |
| | | 7 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ауыстырып КЖ |
| | | 6 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасына ішінара ауыстырып ТҚК-8 |
| | Барлық түрлендірудегі, сондай - ақ | | |

| | | | |
|-------------------|--|----|--|
| 2. | рельсмайлағыш етіп қайта жабдықталған ВЛ, ОПЭ-1, КЗ4.. ЕЛ-21 | 3 | ТҚ-8 |
| 4. Электр поездар | | | |
| 1. | Барлық түрлендірудегі ЭР, ЭД | 9 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен ауыстырып КЖ |
| | | 7 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен ішінара ауыстырып ТҚК-8 |
| 5. Дизель поездар | | | |
| 1. | Барлық түрлендірудегі ДР | 12 | КЖ орындап, күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен ауыстырып, дизель-генераторлық қондырғы мен қосымша жабдықтарды жаңасымен ауыстырып жаңғырту |
| | | 9 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен ауыстырып КЖ |
| | | 7 | күш қуатты және төмен вольтты электр сымдарын жаңасымен ішінара ауыстырып ТҚК-8 |

Жылжымалы құрам
қызметінің мерзімін ұзарту
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Тартқыш көлік құралдарын қабылдаудың № ____ актісі

20__ жылғы " __ " _____ қаласы

Осы акті _____ тиесілі
(иеленуші ұйымның толық атауы)

_____ (ТКҚ-ның түрі, сериясы, нөмірі) _____

циклі бойынша күрделі жөндеуден кейін қабылдау жүргізілгені туралы жасалды.

Объект зауыт жолдарында, стандтерде сынақтан өтті, магистралдық жолдарда жүргізіп байқау жүргізілді (жүргізілмеді).

Қорытынды: _____

(ТКҚ атауы) күрделі жөндеуден кейін қабылданды және пайдалануға

_____ жарамды (жарамсыз) деп танылды және

_____ (пайдалану үшін, жүргізіп

байқауға) тіркелу депосына жіберілді.

Жөндеуші ұйымның басшысы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

ТКҚ-ның иесі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қабылдаушы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Жылжымалы құрам
қызметінің мерзімін ұзарту
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Тартқыш көлік құралдарының қызмет етуінің жаңа мерзімін тағайындау жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы № ____ АКТІ

20 ____ жылғы " ____ " _____ қаласы

_____ жөндеу кәсіпорнында

(жөндеуші ұйымның атауы)

_____ тиесілі

(иеленуші ұйымның толық атауы)

_____ тартымдық,

(ТКҚ-ның түрі, сериясы, нөмірі)

мотор-вагондық, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда мынадай жұмыстар орындалды:

| Р/с | Орындалған жұмыстардың тізбесі № | Ескертпе |
|-----|----------------------------------|----------|
| 1 | 2 | 3 |

Орындалған жұмыстардың негізінде _____ жылға

(саны жазбаша)

_____ жаңа белгіленген

(ТКҚ-ның түрі, сериясы, нөмірі) қызмет ету мерзімі анықталады.

Жөндеуші ұйымның басшысы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Жөндеуші ұйымның жұмыскерлері: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Жылжымалы құрам
қызметінің мерзімін ұзарту
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Арнайы жылжымалы құрамның қызмет мерзімін ұзарту бойынша техникалық шешім

Келісемін:

Тапсырыс беруші/жөндеуші ұйым

_____ қолы аты-жөні, тегі (болған жағдайда)

20__ жылғы "_____" _____

мөр орны (бар болған жағдайда)

Бекітемін:

Техникалық диагностикалауды
орындайтын ұйымның басшысы

_____ қолы аты-жөні, тегі (болған жағдайда)

20__ жылғы "_____" _____

мөр орны (бар болған жағдайда)

№ _____ техникалық шешім

_____ тиесілі

(АЖҚ иесінің толық атауы)

және _____ тіркеліп жазылған.

(кәсіпорынның атауы, станцияның шақыру)

_____ қызмет ету мерзімін ұзарту және

(АЖҚ типінің атауы)

ұзарта отырып жөндеу жүргізу туралы қызмет етудің белгіленген мерзімін

_____ (ұйымның, орындаушының атауы)

орындаған техникалық диагностикалау негізінде белгіленген қызмет мерзімін ұзартады және келесі АЖҚ-ның қажетті жөндеу түрін анықтайды (_____ бірлік):

| р/с № | АЖҚ нөмірі | А Ж Қ моделі/ түрі /сериясы | Шығарылған күні | Қажетті жөндеу түрі | Т Ш , басшылықтың жобалар нөмірі, | Ұзартылған қызмет ету мерзімі (айы, жылы) | А Ж Қ мақсаты |
|-------|------------|-----------------------------|-----------------|---------------------|-----------------------------------|--|---------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

АЖҚ ауысымды тораптары АЖҚ-ның техникалық қызмет көрсету барысында үнемі тексерілуі, ақаулы ауысымды тораптары белгіленген тәртіппен ауыстырылуға тиіс. Ауысымды тораптардың қызмет ету мерзімі осы техникалық шешім бойынша ұзартуға жатпайды.

Жауапты орындаушы: _____

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Келісілді: Тапсырыс беруші: _____

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Жылжымалы құрамның
қызмет мерзімдерін ұзарту
қағидаларына
9-қосымша

**20 __ жылғы " __ " _____ арнайы жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімін
ұзарту бойынша жүргізілген жұмыс туралы акті**

_____ тиесілі

(кәсіпорынның-АЖҚ иесінің толық атауы)

_____ қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында _____

(түрі/моделі/серия АЖҚ) _____ жөндеу бойынша

(жөндеу түрі) тағайындалған

Осы акт _____

(жұмыс жасаған, жөндеу кәсіпорнының атауы)

20 __ жылғы " __ " _____ № _____ техникалық шешімімен

бекітілген және нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес

(АЖҚ-ның ауысымды тораптары мен бөлшектеріне жөндеу жүргізілгенге сәйкес,
құжаттың атауы)

мынадай жұмыстар жүргізгеніндегі туралы жасалды:

| | | | |
|-------|-----------------------------|--|--|
| р/с № | АЖҚ нөмірі /зауыттық нөмірі | Орындалған жұмыстар атауын көрсете отырып АЖҚ-ның тораптары мен бөлшектері | Қызмет ету мерзімі 20__ жылғы " __ " _____ дейін ұзартылды |
|-------|-----------------------------|--|--|

_____ техникалық жағдайы жарамды және магистральдық

(АЖҚ-ның атауы)

теміржол желісінде пайдалануға жіберіледі.

Жөндеуге тапсырыс беруші

Жөндеуші ұйымның басшысы

_____ мөр орны (бар болған жағдайда)

_____ мөр орны (бар болған жағдайда)

20 __ жылғы " __ " _____

20 __ жылғы " __ " _____